



БҮЙРЫҚ

19.08.2025ж № 255-Н/К

Форт-Шаманов қаласы

ПРИКАЗ

г.о.р.т. Форт-Шаманов

Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

“Білім туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18-тармақшасына және Маңғыстау облысының білім басқармасының 2025 жылғы 15 тамыздағы №181 нқ бұйрығымен бекітілген “Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдерін айқындау туралы” бұйрығына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Түпқараған ауданының орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2025 жылғы 1 қыркүйек - 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11-сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда);

4-тоқсан - 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары - 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

000223

9-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - 2026 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (макала, әңгіме, эссе) - 2026 жылғы 8 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарды орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 11 маусым.

11-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша оқытатын мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - 2026 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде /сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан - 2026 жылғы 15 маусым.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды білім бөлімінің бас маманы Ж.Досмағанбетоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бөлім басшысының м.а.



М.Изтелеуова